

Лисаков қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 106 шешімі.
Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 қаңтарда № 10130-10 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 11-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Лисаков қаласының бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қостанай облыстық мәслихатының "Лисаков қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2011 жылғы 10 маусымдағы № 390 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3764 болып тіркелген);

2) Қостанай мәслихатының "Лисаков қаласының бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2011 жылғы 10 маусымдағы № 390 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 15 наурыздағы № 131 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7011 болып тіркелген).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облыстық мәслихатының төрағасы

С. Ещанов


Мәслихаттың









2023 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 106 шешіміне

қосымша

Лисаков қаласының бағалау аймақтарының шекаралары



Шартты белгілер:	
	Лисаков қаласының шекарасы;
	кадастрлық кварталдың шекарасы;
	бағалау аймағының шекарасы;
	орман қорының жерлері;
	орман қорғау белдеуі;
	су қорғау белдеуі;
	су қорғау аймағы;
003	кадастрлық кварталдың нөмірі;
	бағалау аймағының нөмірі

№	Бағалау аймағының нөмірі	Бағалау аймақтарының шекаралары	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
1	2	3	4
		Жер-кадастрлық квартал 001 шағын аудандар: 1-7, 8, 11, 19, 20, өнеркәсіптік коммуналдық аймақ	

1	1	Жер-кадастрлық квартал 990 гараж қоғамдары: "Тулпар", "Заря", "Планета", "Восход", "Рассвет", "Гаражный кооператив № 1"	2,0
2	2	Жер-кадастрлық квартал 005 өнеркәсіптік аймақ, ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлер, кордағы жерлер, орман қоры, су қоры Жер-кадастрлық квартал 025 теміржол көлігі жерлері Жер-кадастрлық квартал 026 автокөлік, су шаруашылығы объектілерінің, электр беру желілерінің жерлері	1,9
3	3	Жер-кадастрлық квартал 002 шағын аудандар: 9-10 , 12-18, 21-25 Жер-кадастрлық кварталдар 003-004 Октябрьский кенті Жер-кадастрлық квартал 990 гараж қоғамдары: "Старт", "Юпитер", "Урал", "Союз"	1,8
4	4	Жер-кадастрлық кварталдар 006-011 "Урожайное-I" бау-бақша серіктестігі Жер-кадастрлық кварталдар 012-018 "Урожайное-II" бау-бақша серіктестігі Жер-кадастрлық кварталдар 019-020 "Химик" бау-бақша серіктестігі Жер-кадастрлық кварталдар 021-022 "Боксит" бау-бақша серіктестігі Жер-кадастрлық кварталдар 023-024 "Дастархан" бау-бақша серіктестігі	1,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК